

**Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті (Қазақстан Республикасы Кенқадағалаукомы) туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 28 наурыз N 360. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының атқарушы орталық органдарының жүйесін ретке келтіру туралы" 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541\_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті туралы (Қазақстан Республикасының Кенқадағалаукомы туралы) Ереже;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті мен оның жер-жерлердегі органдары қадағалайтын ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан өнеркәсіп салаларының, өндірістерінің, объектілердің, сондай-ақ жұмыстардың тізбесі бекітілсін.

2. Еңбек қауіпсіздігі (техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау) саласында келісілген мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитетіне өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдарының, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан басқа заңды тұлғалардың, жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдау, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі жөніндегі заңдарға қайшы келетін ведомстволық актілердің күшін тоқтату құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитетінің орталық аппаратын және оның жергілікті органдарын (округтары мен инспекцияларын) ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылсын.

Жекелеген салалар мен қадағалау түрлері бойынша (тек жергілікті органдар үшін) 1996 жылы қосымша шаруашылық қызмет есебінен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі 1996 жылдан бастап бюджетті қалыптастыру барысында Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитетіне мүкәммал, ұйымдастыру техникасын, аймақтық органдарға апаттар, жарақаттану оқиғалары мен шалғай объектілерге жедел жетуді қамтамасыз ету үшін 10 арнаулы жеңіл автомашинаға, қызмет ғимараттарын күрделі жөндеуге қаржы бөлуді көздейтін болсын.

Комитет органдарының ұдайы іс-сапарларға шығуына байланысты жұмыс ерекшеліктерін ескеріп, Комитеттің есебі бойынша іс-сапар шығыстарына қ а р а ж а т б ө л у д і к ө з д е с і н .

5. Қазақстан республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитетінің қызметкерлеріне және оның жергілікті органдарының апаттарды, қайғылы оқиғалар мен басқа да жағдайларды тексеруге шығатын қызметкерлеріне қызметтік және іс-сапарлық куәліктерін көрсетуі бойынша оларға кезексіз жол жүру билеттерін бөлуді қарастырсын.

6. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті (Қазақстан Республикасының Мемкенқадағалаукомы) туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 сәуірдегі N 355 P940355\_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 17, 170-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер

мен толықтырулардың 29-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 сәуірдегі N 355 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1826

P951826\_

қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 28 наурыздағы  
N 360 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті  
(Қазақстан Республикасы Кенқадағалаукомы) туралы  
Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Үкімет құрамына кірмейтін Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының орталық атқарушы органы болып табылады. Комитет өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан республикасы Үкіметінің актілерін, қолданылып жүрген халықаралық шарттар мен келісімдерді, осы Ережені, сондай-ақ басқа министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен Қазақстан Республикасының өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары бекіткен немесе олармен келісілген нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Комитет мемлекеттік қадағалауды республика аумағында тікелей және қадағалау салалары бойынша мемлекеттік инспекторларды біріктіретін өздері құратын округтар, инспекциялар арқылы жүзеге асырады.

Комитет пен оған бағынысты органдар Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының өнеркәсіптің өз бақылауындағы салаларында еңбек қауіпсіздігін (техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды) мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын бірыңғай жүйесін құрайды.

Комитеттің мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруы министрліктерден, мемлекеттік комитеттер мен Қазақстан Республикасының өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарынан және қауіпсіздік талаптары мен нормаларына жауап бермейтін кәсіпорындардың өндірістер мен объектілердің жұмыс істеуіне ж о л б е р м е у г е м і н д е т т і .

2. Комитет мыналарға :

жұмыс берушілердің көмір, тау-кен және рудалық емес, металлургия, химия, мұнайхимия, мұнай мен газ өндіретін және мұнайгаз өндейтін өнеркәсіптегі; арналы мұнай, газ және өнім құбырларындағы барлық негізгі және қосалқы

цехтары мен өндірістерінде жер астында көлік және гидротехникалық құрылыстарды, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізгенде нан өнімдері кәсіпорындарының өрт және жарылыс қаупі бар объектілерінде құрылыстың аса қауіпті объектілеріндегі және жарылыс, өрт пен жарақаттану қаупі болатын өндірістері мен объектілері бар басқа да салалардағы еңбек қауіпсіздігіне (техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғауға;

жарылғыш заттарды әзірлеуге, дайындауға, сынауға, сақтау мен пайдалануға; өнеркәсіпте табиғи және сұйытылған (пропан-бутан) газдарды, күшті улы заттарды, басқа жарылу, өрт қаупі бар жүктерді қабылдау мен беруге, сақтау мен п а й д а л а н у ғ а ;

жарылыс және ұшқыннан сақтандырылған жабдықтар мен бұйымдарды, көтергіш құрылғыларды, бу және су ысытатын қазандықтарды, қысыммен істейтін ыдыстарды, бу мен ыстық су құбырларын және аса қауіпті басқа да объектілерді, орнатуға, дайындауға, құрастыруға, жөндеуге және қауіпсіз п а й д а л а н у ғ а ;

термальды, минералды суы мен шипалы балшықтары бар жерлерді п а й д а л а н у ғ а ;

босаған тау-кен қуыстарында және табиғи жер асты кеңістіктерінде объектілер орналастырғанда олардың жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуына; пайдалы қазбалар кен орындарын барлау мен әзірлегенде еңбек қауіпсіздігіне қатысты жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауға мемлекеттік қа да ғ а л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы .

Комитеттің аталған өндіріс салаларына, жұмыс түрлері мен объектілерге қатысты қызметі жобалауды, салуды, пайдалануды консервациялау мен жоюды қоса алғандағы олардың жұмысының барлық кезеңіне, сондай-ақ құрал жабдықтарды, бұйымдарды, материалдарды, жасағанда және қолданғанда еңбек қауіпсіздігі шарттары мен нормаларының сақталуын қадағалауға тарайды.

3. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: еңбек қауіпсіздігі саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, министрліктермен, ведомстволармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және шаруашылық қызметтің басқа да субъектілерімен бірлесіп, кәсіпорындар мен ұйымдарда апаттар мен жарақаттанудың алдын алудың ағымдағы және болашаққа арналған мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, осы мәселелер бойынша республикада өткізілетін ғылыми з е р т т е у л е р д і ү й л е с т і р у ;

Қазақстан Республикасының барлық орталық атқарушы органдарының меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың арнайы экономикалық аймақтарды, бірлескен және шетел кәсіпорындары мен шетел фирмаларына уақытша басқаруға берілген кәсіпорындарды қоса алғанда

республиканың барлық аумағында еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың сақталуына ведомстводан тыс мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыру мен жүзеге асыру ;

апаттар мен өндірістік жарақаттану болуының себептері мен шарттарын анықтау, талдау, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды жетілдіру ;

орталық және жергілікті атқарушы органдармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және шаруашылық қызметтің басқа да субъектілерімен бірлесіп, апаттар мен өндірістік жарақаттанудың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеу ;

қадағаланатын өндірістер мен объектілерде, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің негізінде қалыптастыру және жетілдіру ;

қадағаланатын кәсіпорындардың технологиялық процестерінде (процестер, қызмет көрсетулер) пайдаланатын бір текті өнімдермен құрал-жабдықтарды сертификаттауды қамтамасыз ету, өндірістерді, технологияларды құру мен пайдалануға рұқсат беру ;

өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді, сондай-ақ басқа да арнайы атқарушы және рұқсат беруші қызметтерді жүзеге асыру ;

өзінің жергілікті органдарын әдістемелік қамтамасыз ету және олардың жұмысын үйлестіру ;

жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуі саласындағы заңдардың қолданылу тәжірибесін қорыту және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу ;

4. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өндірістерде, объектілер мен жұмыс түрлерінде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі, мемлекеттік, ұлттық және аймақтық бағдарламалар әзірлеуге қатысады, еңбек қауіпсіздігі саласында мамандырылатын бас ғылыми-зерттеу институттарының қызметін үйлестіреді және оның тізбесін айқындайды ;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламалардың іске асырылуына бақылау жасайды ;

жұмысты қауіпсіз жүргізу, құрал-жабдықтарды құру мен пайдалану, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі бөлігінде жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік талаптарды (ережелер мен нормаларды) әзірледі, ұйымдастыруды белгіленген тәртіппен бекітеді немесе келіседі ;

мемлекеттік стандарттар жобаларын, еңбек қауіпсіздігі, құрал-жабдықтарды құру мен пайдалану талаптары бар орталық атқарушы органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және Қазақстан Республикасы шаруашылық қызметінің басқа да субъектілерінің өзге де қалыпты құжаттарын қарайды және

к е л і с е д і ;

жұмысты қауіпсіз жүргізу құрал-жабдықтарды орнату мен пайдалану жөніндегі халықаралық талаптарды (ережелер мен қалыптарды) әзірлеуге қатысады. Қазақстан Республикасының аумағында таратады, аталған ережелер мен нормаларды күшіне енгізу тәртібін айқындап, қажет болған жағдайда қ о с ы м ш а талаптар белгілейді;

мемлекеттік талаптарға айналдырғанда еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін талаптары болса, халықаралық стандарттар жобасын әзірлеу мен келісуге қ а т ы с а д ы ;

құрал-жабдықтарды орналастыру мен пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларда көзделген талаптардың бірыңғай болуын қамтамасыз етеді, осы нормативтік құжаттардың әзірленуі мен жетілдірілуіне бақылау жасайды, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі халықаралық ережелер мен нормалардың қолданылуын т а р а т а д ы ;

қадағаланатын өндірістерді, объектілерді, механизмдер мен жұмыс түрлерін есепке а л у д ы тіркеудің тәртібін белгілейді;

Лицензиялау мен сертификаттауға жататын қызмет (процестер, қызмет көрсетулер) түрлерінің тізбелеріне белгіленген тәртіппен өзгертулер мен т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з е д і ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысымен белгіленген лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесі бойынша шарттық негізде қорытындылар береді, сондай-ақ жұмысы тұрақты тәуекелмен байланысты қадағаланатын салаларда технологияларды, механизмдерді және басқа бұйымдарды оның ішінде шетелдіктерін әзірлеуге, дайындауға, сынауға және қ о л д а н у ғ а р ұ қ с а т б е р е д і ;

газ қадағалау объектілерін, бу және су ысытатын қазандарды, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, бу мен ыстық су құбырларын және көтергіш құрылғыларды іріктейді, қазандықтарды қадағалау объектілерін көтергіш құрғыларды арнайы рұқсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың уақтылы к у ә л а н д ы р у ы н б а қ ы л а й д ы ;

дайындаушы зауыттарда (құрастырудың техникалық тапсырмасын келісу кезеңінде және үлгі даналарды қабылдағанда), жөндеу кәсіпорындарында және пайдаланған кезде қауіпсіздік жөнінде көтеріңкі талаптар қойылатын машиналардың, тетіктер мен жабдықтардың, сондай-ақ жарылыс қауіпсіздігі сақталып орындалған электр-техникалық бұйымдардың еңбек қауіпсіздігі стандарттарына, ережелері мен нормаларына сәйкестігін тексереді, мұндай талаптарға сәйкес келмеген жағдайда оларды шығаруды тоқтатады, әрі қолдануға

т ы ы м

с а л а д ы ;

объектілерді пайдалануға қабылдап алу ережесінің сақталуын бақылайды, еңбек қауіпсіздігі жөнінде көтеріңкі талаптар қойылатын жарылғыш материалдарға қадағаланатын өндірістерге, объектілерге арналған құрал-жабдықтар мен электр-техникалық бұйымдардың жаңа үлгілеріне сынақ жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады, қадағаланатын кәсіпорындардың технологиялық процестерінде пайдаланылатын өнімдер мен құрал-жабдықтарды (процестерді, қызмет көрсетуді) сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады ;

қадағаланатын кәсіпорындар мен объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссиялардың құрамында қатысуы үшін өкілдерін т а ғ а й ы н д а й д ы ;

бақылауындағы өндірістер мен объектілерде апаттар мен өндірістік жарақат алуды болдырмау кәсіпорындардың және ұйымдардың болуы мүмкін апаттар мен олардың зардаптарын жоюға әзірлігін қадағалайды;

қадағаланатын өндірістер мен объектілер қызметкерлерінің біліктілігіне деген талаптарды айқындайды, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқыту, біліктілігін көтеру, білімін тексеру тәртібін белгілейді;

жарылғыш материалдарды сақтауға байланысты жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін қызметкерлер даярлау жөнінде кен және жарылыс жұмыстарын, сондай-ақ жарылыс-өрт қауіпі бар өндіріс жүргізуге жауаптылық құқығына мамандар даярлау жөніндегі курстарды ұйымдастыруды келіседі;

жарылыс, жарылу-өрттену және өрттену қауіптілігі бойынша өндірістің бір санаттан екіншісіне көшірудің дұрыстығын қадағалайды, сондай-ақ қолданылып отырған жабдықтың жарылыс қауіпі бар қоспалар санаты мен тобына, жарылыс, өрт қауіпі бар аймақ сыныбына сәйкестігіне бақылау жасайды:

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп, кәсіпорындардың ұсынуы бойынша газ жөніндегі шахталардың (кеніштердің) тиісті санаттарын белгілейді, оларды тозаңды, жынысты, руданы, көмірді , газды оқысынан бөліп шығару, кен екіні бойынша қауіптілер қатарына жатқызады және шахтыларды (кеніштерді) бір санаттан екіншісіне көшіруді бекітеді;

пайдаланылған кен орындары мен табиғи жер асты тілкемдерін шаруашылық мақсаттарға пайдаланған кезде және минералдық шикізатты ұқсатқанда тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарының қауіпсіз жүргізілуін геологиялық-маркшейдерлік қамтамасыз етуге қадағалауды жүзеге асырады, тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізудің шекарасын белгілейді, тау-кен жұмыстарының ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйіне зиянды ықпалының алдын алу мен болдырмау жөніндегі, сондай-ақ шахталар мен кеніштерге судың, зиянды әрі қауіпті заттардың лықсып шығуының алдын алу жөніндегі шараларды

өткізудің дұрыстығын тексереді;

пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі кәсіпорындарды немесе олардың бір бөлігін, мұнай, газ және гидротермальды және минералды скважиналарды тарату мен консервациялау бойынша жұмыстардың қауіпсіздігіне арнайы жобаларды келіседі;

орталық және жергілікті атқарушы органдармен, бірлестіктермен, кәсіпорындармен, ұйымдармен және ведомстволық бағыныстылығымен меншік нысандарына қарамастан шаруашылық қызметтің басқа да субъектілерімен бірлесіп, объектілерді орналастыру үшін пайдаланылған кен орындары мен табиғи жер асты тілкемдерін іріктеуге қатысады;

барлау мен әзірлеудің дұрыстығын, әскерилендірілген (мамандандырылған) кен құтқару, фонтанға қарсы және газдан құтқару бөлімдерінің кәсіпорындардағы апаттарды жою, алдын алу жұмыстарын жүргізу жағдайы мен оған дайындығын бақылайды;

аталған бөлімдердің жарғыларын, ережелерін және Қазақстан Республикасының аумағында орналасу схемасын қарайды әрі келіседі;

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетімен бірлесіп, қауіптілігі басым, өнімдерді (процестерді, қызмет көрсетулерді) сертификаттау жөніндегі ұйымдар мен сынақ лабораторияларын, орталықтарын аккредиттейді, олардың сертификаттау ережелерін сақтауын бақылайды, техникалық құзыретін белгілейді.

5. Комитетке алдына қойылған мәселелерді шешуі және жүктелген міндеттерді орындауы үшін мынадай құқықтар беріледі:

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша кәсіпорындарды ұйымдар мен объектілерді тәуліктің кез-келген уақытында тексеру, сондай-ақ тексерулерді жүргізу үшін келісім бойынша тиісті министрліктердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың мамандарын тарту;

орталық атқарушы органдарға және мемлекеттік басқарудың басқа да органдарына ұсыныс енгізу, қадағаланатын заңды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ Комитет қадағалайтын объектілері бар басқармалар мен жергілікті атқарушы өкімет органдарының бөлімдеріне анықталған қауіпсіздік талаптарын бұзушылықты, сондай-ақ мұндай бұзушылықты туғызған себептер мен шарттарды жоюға, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бұза отырып жүргізілетін жұмыстарды тоқтатуға және оларға тыйым салуға орындалуы міндетті нұсқамалар беру;

жер қойнауын пайдаланудың шарттары және контрактіде көзделген еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар бұзылғанда лицензия күшін доғару, тоқтату немесе оны қайтып алу жөнінде лицензиялау органына ұсыныс енгізу, жабдықтардың жұмыс орнын жауып мөрлеу және өмірлеріне қауіп



төнгенде немесе апат қаупі болғанда адамдарды шығару;  
еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарға сәйкес келмеген жағдайда қадағалауға алынған кәсіпорындар, ұйымдар, өндірістер мен объектілер бойынша жобалардың, техникалық және жобалық-конструкторлық құжаттамалардың орындауға берілуіне, сондай-ақ бұйымдар мен өнімдердің тиелуіне тыйым салу;  
жабдықтарды әзірлеуші, дайындаушы және монтаждаушы кәсіпорындар, ұйымдар мен шаруашылық қызметтің басқа да субъектілеріне конструкциядағы кемшіліктерді, сондай-ақ жабдықты дайындау мен монтаждауда оны пайдалану қауіпсіздігін төмендететін кемшіліктерді жою туралы орындалуы міндетті н ұ с қ а у л а р б е р у г е ;

апаттар, бақытсыз оқиғалар, қалыпты құжаттардың талаптарын, өзге де бұзушылыққа кінәлі, сондай-ақ Комитет нұсқамасын орындамайтын адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде кәсіпорындар, жоғары тұрған ұйымдар басшыларына ұсыныстар енгізу немесе тиісті органдарға материалдар жіберу;

қадағаланатын кәсіпорындар мен объектілердегі жарақат алу, апаттар жарылғыш заттардың жоғалуы жағдайларына белгіленген тәртіппен техникалық тергеу жүргізу және оны басқаруға Комитет құзыретіне жататын мәселелер бойынша тергеу нәтижесі негізінде орындалуы міндетті шешімдер қабылдау;

орталық атқарушы органдарға, заңды және жеке тұлғаларға Комитет құзыретіне жататын мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу, жобалау және жобалық-құрастыру жұмыстарын жүргізуге ұсыныс енгізу;

қажет болған жағдайда орталық атқарушы органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және шаруашылық қызметтің басқа да субъектілерінің жабдықтар мен материалдарға бақылау сынағын, жұмыс істеу ортасына бақылау, талдау, жобалау және жобалау-құрастырушылық шешімдердің қауіпсіздік жөніндегі нормалар мен ережелерге сәйкестігіне қатысты тәуелсіз сараптама жасауды б е л г і л е у ;

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлімшелерінің бірлестіктерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға және басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерге ақылы қызмет көрсету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 30 қазандағы N 924 қаулысына сәйкес жобалау шешімдерінің жұмыс істеп тұрған, құрылысы жүргізіліп және қайта жаңартылып жатқан қадағаланатын кәсіпорындардағы, өндірістердегі және объектілердегі жобалау шешімдерінің еңбек қауіпсіздігі ережелері мен нормаларына сәйкес келуіне, соның ішінде жер қойнауын пайдаланушылар лицензия алғанда және жұмыстар жүргізу құқығына контрактілер жасағанда, сондай-ақ жер қойнауын зиянды заттарды, өндіріс қалдықтарын көмуге және сарқынды суларды ағызуға пайдаланған кезде пайдалы қазбалар кен орнын игеру

арқылы сараптама жасауды ұйымдастыру және жүргізу;  
қажет болған жағдайларда Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сараптау өткізуге және қорытынды әзірлеуге ғылыми-зерттеу, жобалау институттарының және басқа да ұйымдардың мамандарын тартуға;

кен, геология, химия-металлургия цехтарындағы және өндірістеріндегі еңбек қауіпсіздігіне, атом-энергетика өнеркәсібінің әскерилендірілген газдан құтқару бөлімдерінің астық өнімдері кәсіпорындарының жарылу, өрт қаупі басым объектілеріндегі көлік құрылысы, арналы мұнай-газ өнім құбырлары объектілеріндегі және жарылу, өрт пен жарақат алу қаупі бар басқа өндірістер мен өнеркәсіп салаларының объектілеріндегі әскери әзірлігі мен алдын-алу жұмыстарына шаруашылық қызмет субъектілерімен шарттық негізде мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

заңды және жеке тұлғаларға белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жоғарыда аталған 1992 жылғы 30 қазандағы N 924 қаулысымен бекітілген тізбеге сәйкес ақылы қызмет көрсету;

жер қойнауын пайдалану контрактілерін еңбек қауіпсіздігі жағынан келісу;

кен жұмыстарын дамытудың кәсіпорындар ұсынған жоспарын келісу және олардың орындалуын бақылау, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындарын немесе учаскелерін (қазылатын жерлер) әзірлеудің техникалық және жергілікті жобаларының, минералдық шикізаттарды өндіру мен ұқсату жөніндегі кәсіпорындардың құрылысын жүргізу мен қайта жаңартуға арналған жобалаулары мен жобалар жөніндегі тапсырмалардың еңбек қауіпсіздігі бөлігінің сақталуын бақылау;

министрліктерден, мемлекеттік комиттерден және Қазақстан Республикасының өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарынан ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан еңбек қауіпсіздігі жағдайы, апаттар, өндірістік жарақаттану, жұмыс көрсеткіштері және жабдықтардың істен шығу себептері туралы, ғылыми-зерттеу және құрастыру жұмыстарының жоспарлары мен бағдарламаларды, нормативтік-техникалық құжаттамаларды және басқа ақпараттары, бақылаудағы өндіріске, объектілер мен технологиялық процестерге арналған техникалық құжаттамаларды, ал лауазымды адамдар мен қызметкерлерден - Комитет органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктер туралы мәліметтер алу;

бақылауға алынған кәсіпорындарда, өндірістерде, объектілерде, ұйымдарда, оқу комбинаттары мен кәсіптік-техникалық училищилерде және басқа оқу орындарында нұсқама беру мен оқытудың, қызметкерді жұмысқа жіберудің белгіленген тәртібінің сақталуын, маманның қолында оған тау-кен, бұрғылау, жарылыс, маркшейдерлік, электротехникалық және газ жұмыстарына басшылық

жасау құқығын беретін құжаттардың, ал қызметкерлерде - жарылыс, газ қауіптілігі және қауіптілігі басым басқа да жұмыстарды жүргізу құқығына арналған құжаттардың болуын тексеру, жауапкершілігі айрықша жұмыстарға қабылдау үшін белгіленген арнайы талаптардың сақталуын бақылау;

мамандардың еңбек қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, технологиялық регламенттер туралы және жұмысшылардың нұсқамалары туралы біліміне тексеру жүргізу, кәсіпорындардың, объектілердің жаңадан тағайындалған басшыларының және белгіленген мерзімде басқа мамандардың қауіпсіздік ережелері мен нормаларына қатысты білімін тексеруге қатысу;

Комитет қадағалауындағы өндірістердің, объектілер мен тетіктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша, оның ішінде нормативтік-техникалық құжаттарды келісу мен бекіту, объектілердің жобаларын және қадағалауға алынған бұйымдарды қарау кезіндегі мәселелер бойынша орталық атқарушы органдар, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар араларындағы келіспеушілік болған жағдайда түпкілікті шешім қабылдау;

қадағаланатын өндірістер мен объектілерге еңбек қауіпсіздігінің жағдайы және өндірістік жарақаттану туралы халықты және жұмыс істеушілерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар ету.

6. Инспекторлар құрамын қоса алғанда, лауазымды адамдардың құқығын Комитет төрағасы белгілейді.

7. Комитетті Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын Төраға басқарарды.

Комитет Төрағасының өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын орынбасары болады.

Төраға Комитеттің және оған ведомстволық бағынысты органдардың барлық қызметіне басшылық жасайды, өз міндеттерін атқарған кезде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының жетекшілеріне берілген құқықтарды пайдаланады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына тікелей жауап береді және орынбасардың, Комитеттің құрылымдық жетекшілерінің жауапкершілік деңгейін белгілейді, Комитеттің орталық аппаратының басшы қызметкерлері мен мамандарын округтер мен Комитет жүйесінің басқа да ұйымдарының басшыларын, қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

8. Комитетте мынадай құрамда алқа құрылады: Комитет төрағасы (алқа төрағасы) және төрағаның лауазымы бойынша орынбасары, сондай-ақ Комитет жүйесінің басқа да қызметкерлері. Комитет алқасының сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал жеке құрамын Комитет төрағасы бекітеді. Алқа Комитет төрағасы жанындағы консультативтік кеңесші орган

Алқа өзінің жүйелі түрде өткізілетін мәжілістерінде жұмысты қауіпсіз жүргізуге мемлекеттік қадағалауды жетілдіру, ведомстволық бағынысты ұйымдарға практикалық басшылық ету шешімдердің орындалуын тексеру, кадрларды іріктеу мен пайдалану мәселелерін, жоғары тұрған органдарға енгізетін аса маңызды құжаттардың жобаларын, сондай-ақ қаулыларды, бұйрықтарды, еңбек қауіпсіздігі ережелері мен нұсқауларды қарайды, округтардың басшыларын, Комитет орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың есебін сондай-ақ Комитет құзыретіне жататын мәселелерді, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары өкілдерінің, қадағаланатын кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу, жобалау құрастыру институттары мен ұйымдар, жабдықтар жасап шығаратын зауыттар мен басқа да заңды және жеке тұлғалардың баяндамаларын, есептер мен хабарларын, Комитет қызметінің өзге де мәселелерін қарайды.

9. Комитет өз құзыреті шегінде Комитет қадағалайтын кәсіпорындары, объектілері мен өндірістері бар орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан басқа да заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

Комитет қадағалау қызметін ұйымдастыру, қадағалау саласындағы, кәсіпорындар мен объектілердегі еңбек қауіпсіздігінің жай-күйі, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің озық тәжірибесімен алмасу, өз құзыретіне жататын басқа мәселелер жөнінде ақпараттық бюллетень шығарады.

10. Комитет еңбек қауіпсіздігі саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, халықаралық ұйымдармен, басқа елдердің тиісті органдарымен белгіленген тәртіппен байланыс жасайды, ғылыми-техникалық алмасу және қадағалау қызметінің практикасы жөнінде шет елдермен келіссөз жүргізеді, келісімдер әзірлейді және жасайды, Комитет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шарттық негізде шетелдік әріптестерге техникалық жәрдем көрсетеді.

11. Комитет жанында мыналар жұмыс істейді:

тау-кен өнеркәсібіндегі қауіпсіздік жөніндегі мамандандырылған ғылыми-зерттеу институты, салалық ғылыми-техникалық орталықтар; еңбек қауіпсіздігі және өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарау үшін ғылыми-техникалық кеңес (жұмыстардың бағыты бойынша секцияларымен), сондай-ақ өнеркәсіптік жарылғыш заттарды дайындау мен қолдануға байланысты жұмыстарды үйлестіру үшін жарылыс ісі жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрылады. Ведомствоаралық және ғылыми-техникалық кеңестердің жеке құрамын және олар туралы ережені Комитет төрағасы бекітеді.

Ведомствоаралық кеңестің жарылғыш заттардың тиімділігін арттыруға және

оларды әзірлеудің, дайындаудың, тасымалдау мен пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты шешімдері барлық орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып т а б ы л а д ы .

Қажет болған жағдайда жобалау-техникалық құжаттамалардың еңбек қауіпсіздігінің талаптары мен нормаларына сәйкес болу-болмауына сертификаттау, сараптамалар өткізу үшін кәсіпорындар, ұйымдар, лабораториялар мен орталықтар құрылады.

12. Комитет белгіленген бюджет қаражаты шегінде өзіне бағынысты органдар мен ұйымдарды белгіленген тәртіппен бекітеді, қайта құрады және таратады, осы органдар мен ұйымдар туралы ережелерді бекітеді, сондай-ақ Комитет бекіткен ереже бойынша жұмыс істейтін штаттан тыс инспекторлар торабын ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Комитет жұмысты мемлекеттік басқарудың басқа да органдарымен, сондай-ақ кәсіподақ органдарымен тығыз байланыста жүргізеді.

13. Комитеттің орталық аппараты қызметкерлерінің саны мен еңбекақы қорын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Орталық аппараттың, оған ведомстволық бағынысты органдар мен ұйымдардың штат кестесін Комитет төрағасы бекітеді. Комитет сондай-ақ өзіне ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне байланысты міндеттерді жүзеге асырады; қаржылық және басқа да жоспарларды әзірлейді; белгіленген тәртіппен қаржыландырады және қаржы ресурстарының дұрыс пайдаланылуын бақылайды; бухгалтерлік есепті ұйымдастырады, округтердің есеп беруі балансын бекітеді, Комитет бойынша жиынтық есеп беру мен баланстарды қорытады.

14. Комитет оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың оған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті табыстаған мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және басқару қ ұ қ ы ғ ы н жү з е г е а с ы р а д ы .

Комитет пен оның ведомстволық бағыныстағы органдары заңды тұлғалар болып табылады, оның Қазақстан Республикасының банктерінде есеп айырысу және өзге де шоттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәмізі мен атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

15. Комитет органдарының қадағалауындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және қадағаланатын объектілері бар жергілікті атқарушы өкімет органдары Комитет органдарының қызметкерлерін қызмет үйлерімен, байланыс құралдарымен, кәсіпорындарды, ұйымдар мен объектілерді тексеру кезеңінде қажетті арнаулы киіммен және қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етуге, апаттарды немесе қайғылы оқиғаларды тексеруге бару және басқа да белгіленген

міндеттерді орындау үшін көлік беруге, сондай-ақ осы органдардың қызметкерлеріне бақылаудағы кәсіпорындар қызметкерлерімен тең дәрежеде коммуналдық қызмет көрсетілетін, отыны мен телефон байланысы бар тұрғын үй алаңын бөлуге, мектепке дейінгі

және санаторлық-курорттық мекемелерден орын беруге, медициналық қызмет көрсету мен әлеуметтік-тұрмысты қамтамасыз ету мәселелерін шешуге міндетті.

16. Комитеттің инспекторлық құрамы мен жергілікті органдарының басшыларына айырым белгілері бар нысанды киім және бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі.

17. Қызметтік міндетін атқару үшін Комитет қызметкерлерінің қызметтік және іссапар куәліктері болғанда, көліктің барлық түрлеріне жол жүру билеттерін бірінші кезекте алу құқығы бар.

18. Комитет қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқарған кезде мемлекеттің қорғауында болады. Олардың қызметтік міндеттерін орындауына кедергі жасайтын әрекеттер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 28 наурыздағы  
N 360 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеті және оның жергілікті органдары қадағалауды жүзеге асыратын ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың, объектілердің және жұмыстардың

## Т І З Б Е С І

### I. Кен өндірістері мен жұмыстарын қадағалау саласында

1. Жұмыс істеп тұрған, құрылысы жүргізіліп және қайта жанартылып жатқан кәсіпорындар, шахталар, шахта құрылысының объектілері, карьерлер\*, разрездер

, тұздау кәсіпшіліктері, тұз кәсіпшіліктері, кен орындары, жер асты және жер үсті көлік құрылысының объектілері, гидротехникалық және арнаулы құрылыстар құрылысы жөніндегі арнаулы басқармалар мен арнаулы учаскелер\*\*, байыту, көмір байыту, көмір текшелеу, жұмбаздау, кесектеу, ұсақтау-іріктеу, алтын алу фабрикалары, инертті тозаңдар фабрикасы, қазандық агрегаттардың фабрикасы, электр станциялардың көмір беретін цехтары, аталған кәсіпорындардың шикізатын ұқсату жөніндегі мынадай объектілері мен жұмыс түрлері бар

(қ о н д ы р ғ ы л а р ) :

Ескерту: Соның ішінде жылына 10 мың текше метрден астам көлемде кен қоспасын өндіре отырып, кең тараған пайдалы қазбаларды, сондай-ақ егер оларда жарылыс жұмыстары жүргізіліп жатса, өндіру көлеміне қарамастан, өндіру жөніндегі карьерлер.

Объектілерді, жабдықтарды монтаждауға өткізгенге дейін.

жер асты, ашық және арнаулы тау-кен жұмыстары (толық технологиялық ц и к л б о й ы н ш а ) ;

аталған кәсіпорындардағы барлық өндірістер мен қосалқы цехтар: контрактілік аймақ шегіндегі қосалқы станциялар мен электр тораптарының технологиялық жабдықтармен тұтасатын және 6 квт-қа дейінгі, сондай-ақ 6 квт-тан асатын көліктік жабдықтарды қуаттандырушы қосалқы станциялар;

көмір разрездері мен карьерлерінің технологиялық көлігі мен оның жөндеу базасы, контрактілік аумақ шегіндегі технологиялық темір жолдар мен а в т о м о б и л ь ж о л д а р ы ;

кәсіпорындардың күшімен жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстары: баланстағы ғимараттардың, құрылыстардың және объектілердің үстіңгі өндірістік-технологиялық кешені (контрактілік аймақ шегінде);

жарамсыз жыныс үйінділері, қалдық пен шлам қоймалары, пайдалы қазбалар қоймалары, кәсіпорынның технологиялық кешеніне енетін басқа да қоймалар м е н о б ь е к т і л е р ;

мердігерлік әдіспен орындалатын жөндеу және баптау жұмыстары; кен құтқару жұмыстары - әскерилендірілген кен құтқару бөлімдерінің кәсіпорындар мен объектілердегі апаттарды жою, олардың алдын алу жұмыстарын жүргізуі, олардың бөлімшелерінің орналасу схемасының дұрыстығына қ а т ы с т ы б ө л і г і н д е .

2. Шаруашылық объектілерін орналастыру үшін пайдаланылатын жарамсыз кен орындары мен жер асты табиғи кеңістіктері - оларды пайдалану қ а у і п с і з д і г і н е қ а т ы с т ы .

3. Кен-шахта жабдықтарын, бақылау және апатқа қарсы қорғаныс

газсыздандыру аспаптары және басқа да арнаулы жұмыстарды монтаждау мен баптау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар.

4. Кен-шахта жабдықтарын, оттегі тыныс алу аппараттары мен аспаптарын дайындаушы зауыттар, лабораториялар, жөндеуші кәсіпорындар - олардың беретін жабдықтарының, тетіктерінің, аппараттары мен аспаптарының қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуін қадағалау бөлігінде.

5. Еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша кен кәсіпорындары үшін зерттеу және жобалау жұмыстарын жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу, жобалау институттары мен жобалау-конструкторлық ұйымдары.

6. Метро құрылысының объектілері.

7. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан табиғи тастарды (беттемелік, құрылыстық) өңдеу зауыттары мен технологиялық желілері.

## II. Мұнай-газ өндіру өнеркәсібін, геологиялық барлау мен құбыр жүргізу көлігін қадағалау саласында

8. Жер асты газ қоймаларында, мұнай шахталарында мұнайды, газды, ыстық және минералды суларды барлау мен пайдалану скважиналарын жобалау, салу және пайдалану. Бұрғылау қондырғыларын қоса алғанда бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық жүйелердің, жабдықтармен тетіктердің барлық түрлері (оның ішінде Қазақстан Республикасының теңіз шельфтері мен ішкі тоғандары үшін), геологиялық барлаудың жер астындағы және ашық жердегі жұмыстарындағы тау-кен жабдықтарының кешендері.

9. Мұнай, газ, газ конденсаты және геотермальдық кен орындарын, газдың жер асты қоймалары мен мұнай шахталарын жобалау, салу мен әзірлеу.

10. Мұнай, газ, конденсат өндіру, газды жер астында сақтау, мұнай мен газдың кәсіпшілікаралық көлігі объектілерін, қабаттардың қысыммен ұстап тұру объектілерін пайдалану, қабаттардың мұнай, газ және конденсат беру коэффициентін арттыру жөніндегі жұмыстар, техникалық қауіпсіздік жағынан, сондай-ақ скважиналарды жөндеу, консервациялау және жою.

11. Гелий зауыттарын, мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғыларын, сепарациялық қондырғыларды, сораптық және компрессорлық станцияларды, резевуарлық парктерді, теңіз шельфіндегі мұнай, газ өндіру кешендерін жобалау, салу және пайдалану.

12. Мамандандырылған ұйымдар орындайтын геологиялық барлау жұмыстары. континенттік

Мұнай, газ және мұнай-газ конденсаты кен орындарындағы (оның ішінде континенттік шельфте) жер асты қоймаларындағы, ыстық және минералды сулар кен орындарындағы, мұнай шахталарындағы, тікелей объектілерде жүргізілетін



жұмысқа қатысты жер астындағы және ашық тау-кен қазындылардағы далалық және теңіз геофизикалық жұмыстары мен кәсіпшілік-геофизикалық зерттеу (ату және жарылыс жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда).

13. Фонтанға қарсы және газдан құтқару әскерилендірілген құрамалары, олардың апаттарды жоюға, объектілерде ашық мұнай және газ фонтандарының және басқа апаттық жағдайлардың туындауының алдын алу, сондай-ақ олардың орналасуының дұрыстығы жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы б ө л і г і н д е .

14. Арналы мұнай-газ және өнім құбырларын, компрессорлық және сараптық станцияларды жобалау, салу, пайдалану, жөндеу және жою.

15. Мұнайгазөндіруші және геологиялық барлау кәсіпорындарына қызмет көрсететін мұнара құрастыру кеңселері мен цехтарының базасы (жөндеу, реттеу, жабдықтарды құрау, бұрғылау жабдықтарын жарату).

16. Мұнай-газ және геологиялық барлау объектілеріне қызмет көрсететін технологиялық көлік, олардың аумағында болған кезеңдер (құбырлар, цемент тасымалдаушылар, құбыр тасымалдаушылар, цемент араластырушылар, цемент а г р е г а т т а р ы ) .

17. Құрылыс-монтаж бірлестіктеріндегі қосалқы өндіріс цехтары және жабдықтарды сынау мен түзеу және жабдықтарды жөндеу, жарату мен сынау жөніндегі кәсіпорындардағы көмекші өндіріс базалары, цехтары.

18. Мұнай-газ өндіріс объектілері мен геологиялық барлау жұмыстарына босалқы бөлшек, тау-кен-бұрғылау аспаптарын әзірлеуге, өндірістік-техникалық қамтамасыз ету мен жинақтау объектілеріне арналған жөндеу мен жасау л а б о р а т о р и я л а р ы .

19. Пайдалы қазбалардың сапасы мен олардың рудалардағы құрамын талдау жөніндегі орталық лабораториялар.

### III. Жарылыс жұмыстарын қадағалау саласында

20. Жарылыс жұмыстары үшін жарылыс материалдарын қолданатын кәсіпорындар мен ұйымдар жарылыс материалдарын сақтау мен пайдалану ережесін сақтау жағынан, өндірістік жарылыс материалдарының шығасы немесе ж ы л ж ы м а л ы қ о й м а л а р ы .

21. Жарылыс материалдарын дайындау жөніндегі зауыттар, пункттер, орналастыру мен пайдалану қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нұсқаулардың т а л а п т а р ы н с а қ т а у жағынан.

22. Жарылыс жұмыстары кезінде пайдаланылатын және жарылыс материалдарын дайындау үшін қолданылатын жабдықтарды, аспаптарды, машиналар мен тетіктерді беретін дайындаушы зауыттар мен жөндеуші

к ә с і п о р ы н д а р .

23. Жарылыс материалдарын ғылыми-зерттеу, оқу, тәжірибелік және басқа мақсаттарда пайдаланатын ғылыми-зерттеу институттары мен лабораториялар - жарылыс материалдарын сақтау мен есепке алынуының тәртібін сақтау жағынан.

#### IV. Тау-кен жұмыстарын геологиялық-маркшейдерлік қамтамасыз ету саласында

24. Пайдалы қазбалар өндіру жөніндегі жұмыс істеп тұрған,

салынып жатқан, жобаланып, қайта жаңартылып жатқан консервацияланған кәсіпорындар және геологиялық барлау ұйымдары.

25. Пайдалы қазбалар кен орындары мен жер қойнауын, оның ішінде жарамсыз кен орындары мен жер астындағы табиғи кеңістіктерді пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес мақсаттарға пайдалану кезіндегі маркшейдерлік және геологиялық жұмыстар.

26. Пайдалы қазбаларды өндіру мен ұқсату жөніндегі кәсіпорындардың гидротехникалық құрылғыларды (дражды полигондар, қалдық және шлам қоймалары).

#### V. Атом энергетика өнеркәсібін қадағалау саласында

27. Тау-кен, геология, химия-металлургия бөлімдеріндегі, сондай-ақ оларға арналған жабдықтар мен бұйымдарды конструкциялау және жасау кезіндегі техникалық қауіпсіздікке.

#### VI. Химия, мұнай-химия, мұнай-газ өңдеу және жарылу-өртену қаупі бар, зиянды және басқа да өндірістерді қадағалау саласында

28. Мынадай жобаланып отырған, құрылысы жүріп жатқан, қайта жаңартылудағы және жұмыс істеп тұрған ықтимал қауіпті өндірістер:

мұнай-газ өңдеу және мұнай-химия өнімдері;

негізгі органикалық синтез;

каучук, шина, резина техника, тақта тас ұқсататын өнеркәсіп пен техникалық көміртегі;

хлор, хлорорганикалық және органикалық емес өнімдер;

химиялық талшық;

полимер материалдары және пластмасса;  
синтетикалық бояулар, химикат қоспалар және басқа да жұқа органикалық синтез өнімдері;  
лак-бояу өнімдері, скипидар өндіру;  
кинофотоматериалдар мен химиялық реактивтер;  
тұрмыстық химия өнімдері;  
азот және фосфор өнеркәсібі;  
негізгі химия және химиялық қорғау өнімдері;  
орман химиясы және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі;  
дәрілік заттар, витаминдер, азықтық белоктар мен медицина және микробиология өнеркәсібінің басқа да өнімдері;  
эфир майы, синтетикалық және хош иісті заттар;  
тамақ өнеркәсібі: ет-сүт, арақ-шарап, ашытқы, сыра жасау, спирт зауыттары, алкогольсыз сусындар, май, сүзбе қайнату, кондитер фабрикалары, құс фабрикалары, жеміс қоймалары;  
жасанды былғары мен пленкалық материалдар;  
суды электролиздеу әдісімен сутегі мен оттегін алу;  
мұнай базалары, май құю станциялары;  
жуу бұйымдарын өндіру;  
өз технологиясында СДЯВ-ты пайдаланатын объектілер;  
басқа да органикалық және органикалық емес өнімдер мен олардың қосындылары.

Аталған өндіріс мынадай құрамда кешенді қадағалауға жатады:

а) технологиялық объектілер (блоктар, кезеңдер), қоймалар, төгу-құю станциялары, авария болған кезде жанатын газдың (будың) лықсып шығуы мүмкін сұйытылған жанар газдың, тез тұтанатын сұйықтар мен жанатын с ұ й ы қ т а р д ы ң к ө л і к ж ү й е с і ;

б) тозаң түзетін технологиялық объектілер (блоктар, кезеңдер), авария болған кезде аппаратурада, өндірістік үй-жайда және ашық алаңдарда жарылу қаупі басым, әуе тозаң қоспаларын түзеуге бейім қатты дисперстік өнімдердің к ө л і к ж ү й е с і ;

в) сұйық фазалы қатқыл, сондай-ақ аяқ астынан ыдырап кетуге бейім өнімдерді алуға не қайта өңдеуге байланысты өндірістер мен жекелеген технологиялық объектілер (блоктар, кезеңдер);

г) апат болған жағдайда адамдарға зақым келтіретін зиянды заттарды өндіру мен ұқсату жөніндегі өндіріс, жекелеген технологиялық объектілер (блоктар, к е з е ң д е р ) ;

д) әкімшілік-қосалқы, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге, адамдар көп болатын басқа объектілерге жақын орналасқан сұйық хлор (оның ішінде төгу-қю учаскелері мен облыстық маңызы бар қалалардағы және ірі өнеркәсіп орталықтарындағы тазартқыш құрылғылар мен су дайындау әрі су бөлу жүйелеріндегі хлор өлшеу қондырғылары), фосген, көгертікші қышқылды, нитрилакрил қышқылын, басқа да аса қауіпті заттар сақтайтын қоймалары мен қ а м б а л а р ы ;

е) газ түзетін қалдықтарды кәдеге жарату мен жағудың жалпы

зауыттық және жергілікті қондырғылары;

ж) жеке тұрған және цех жанындағы сораптық, компрессорлық және тоңазытқыш станциялар;

з) шикізат, шикі өнім мен дайын өнім қоймалары;

и) тазарту құрылғыларының, өнеркәсіп құбырлары, сумен айналымдық жабдықтау жүйелері;

к) технологиялық объектілердің құрамына енетін және кәсіпорындардың балансындағы технологиялық труба құбырлары және басқа құрылғылар;

л) аталған объектілерге қызмет көрсететін газдан құтқару қызметінің бөлімшелері, ерікті газдан құтқару жасақтары.

## VII. Металлургия және кокс-химия өндірістерін қадағалау саласында

29. Мыналардың жобалану үстіндегі, салынып жатқан, қайта жаңартылудағы және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары, объектілері, цехтары, учаскелері мен б ө л і м ш е л е р і :

темір рудасы шикізатының (металлургия кәсіпорындарының құрамындағы агломерациялау және кесектеу), кокс (көмір байыту, көмір дайындау, кокстеу, кокстеудің химиялық өнімдерін қармау және ұқсату), шойын, болат (болат пен темірді тікелей алуды қоса алғанда), люнкриттер, модификаторлар және экзотермия қоспалары, ферро қорытпалар, ыстық және суық прокаттар, құбырлар (пісірілген, қапталған, құйылған), метиздер (калибрлік цехтар), құймалар (өнеркәсіптің барлық саласында), отқа төзімділер, цемент, әк, кірпіш, фалис, фарфор, керамзит, металлургиялық жабдықтарды жөндеу жөніндегі цехтар (өндірістер) - өндірістік мақсаттағы барлық қосалқы қызметтерімен бірге; глинозем, алюминий (криолитті флотациялау мен қайта генерациялауды қоса

алғанда), кристалл кремнийі, электротермиялық силумин, никель, кобальт, мыс, мырыш, қорғасын, қалайы, кеуек титан, бериллий, уран, магний, молибден, сынап, жартылай өткізгіш материалдар (кремний, германий), қатқыл балқымалар, асыл металдар, күкірт, ұнтақтар (темір, тантал, никель, бериллий, уран, кобальт, мырыш, титан, цирконий), ыстық және суық прокат, күкірт қышқылы өндірісі - өндірістік мақсаттағы барлық қызметтерімен;

зауыттар мен комбинаттардың құрамына енетін барлық қосалқы цехтар, олардың ішінде шлам қоймалары;

зауытаралық, цехаралық және цехтық коммуникацияларын қоса алғанда, аталған өндірістерде пайдаланылатын ауа, сутегі, хлор, аммиак бөлетін өнімдерді алу, ұқсату, бөлу, сақтау және қолдану.

30. Газ шаруашылығы (газ толтыру және газ компрессорлық станциялар, домналық, кокстік, конверторлық, ферробалқыма, табиғи газдар мен олардың қоспаларының зауытаралық, цехаралық және цехтық газ құбырлары), тұтынушы цехтарды газбен жабдықтау (энергетикалық, тұрғын үй-коммуналдық және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерден басқалары), аталған барлық өндірістердегі газ тазартқыш, тозаң тұтқыш, аспирациялық және жеделдеткіш жүйелері мен қондырғылар.

31. Газдың құтқару қызметінің бөлімшелері, ерікті газдан құтқару жасақтары.

### ҮІІІ. Қазандықтарды қадағалау және көтергіш құрылғыларды қадағалау саласында

32. Комитет инспекциясы органдарында тіркелетін 0,07 МПа (0,7 кгс/шаршы см) астам қысыммен жұмыс істейтін бу қазандықтары, бу құбырлары мен ыдыстар, 115 С астам температурада жылытылатын су жылытқыш қазандықтар мен ыстық суға арналған труба құбырлары, көмір беру объектілері, жүк көтергіш крандар, лифтер, эскалаторлар, фуникулерлер, жолаушылар және жүк тасымалдайтын аспалы жолдар және осы жабдықтарды жасайтын кәсіпорындар.

33. Комитет инспекциясына тіркелетін 0,07 МПа (0,7 кгс/шаршы см) астам қысыммен істейтін бу қазандықтарын және жөндеу, бу құбырлары мен ыдыстарды қызуы 115 С артық температурада су жылытатын қазандықтарды және ыстық су құбырларын, жүк көтергіш крандарды, лифтерді, эскалаторларды, фуникулерлерді, жолаушы және жүк таситын аспалы жолдарды құрастыру, қайта құрастыру, пайдалану мен жөндеу.

34. Жүк көтергіштігі 1 тоннадан асатын құрылыс жүк көтергіштері.

35. Ғылыми-зерттеу, жобалау, құрастырушы ұйымдар, қадағалаудағы жабдықтарды жасаушы-зауыттар, сынақ станциялары.

36. Темір-бетон бұйымдары зауыттары.

## ІХ. Газ қадағалау саласында

37. Жер астындағы және жер үстіндегі газ жүйелері мен олардағы құрылғыларды, сұйытылған газдың стационарлық топтық және баллондық қондырғыларын, газды магистралдық қалалық газ құбырларынан және сұйытылған газ (пропан-бутан) қондырғыларын қалалардан және басқа елді мекендерден (тұрғын үйлер мен коммуналдық-тұрмыстық объектілердегі жылжымалы газ пайдалану қондырғыларынан,

агрегаттарынан және газ жабдықтарынан басқалары) алатын өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, коммуналдық кәсіпорындардағы және басқа объектілердегі ішкі газ құбырлары мен газ жабдықтарының кәсіпорындары мен ұйымдары, сондай-ақ аспаптар мен жабдықтар дайындайтын зауыттар, автомобиль май құю станциялары.

### Х. Астық өнімдерінің өртену, жарылу қаупі бар өнеркәсібін қадағалау саласында

38. Құрама жем, ұн, жарма өндірісі және олармен технологиялық байланысты ғимараттар, құрылғылар мен жабдықтар. Астықты элеваторларға қабылдау, өңдеу мен сақтау процесі және осы процеспен технологиялық байланысты ғимараттар, құрылғылар мен жабдықтар.

### ХІ. Қауіпті жүктерді тасымалдау саласында

39. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнаулы қозғалмалы құрам, кірме жолдар, тұйықтар, құю-төгу эстакадалары, қадағалаудағы кәсіпорындарда осындай жүктермен жұмыс жүргізілетін тиеу-түсіру алаңдары.

### ХІІ. Бірнеше салаға ортақ объектілер

40. Сутегі, көмірқышқылы және оттегі станциялары.

41. Оқу-курс комбинаттары.

42. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995

жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына сәйкес аса қауіпті объектілермен  
байланысты қызметті лицензиялау.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК